

Данное обстоятельство раскрывает очень важную грань диалектики человека общества, государства.

Речь идет о том, что государству очень важно уделять большое внимание воспитанию молодежи, созданию благоприятных условий для формирования физически и духовно здоровой и полноценной молодежной среды.

Наряду с этим, все институты гражданского общества, кто причастен воспитательному процессу подрастающего поколения, должны понимать возрастающую ответственность за наше будущее. В первую очередь, это, конечно же, родители и близкие родственники, и это логично, поскольку воспитательный процесс начинается с момента рождения человека.

Основа мировоззрения, отношение формирующегося человека к реальности закладывается в семье.

Нас радует, что основная часть молодежи получила и получает правильное воспитание. Она патриотична и духовна, физически и психологически сильна и здорова. Создаются все условия для реализации пылливой, романтической природы молодежи, а также решения ее социальных проблем.

Сегодняшняя наша молодежь весьма прогрессивна, она овладела всеми современными технологическими средствами, не уступает в интеллектуальных возможностях молодежи любой другой страны мира. Нашим молодым людям присуще высокие духовно-нравственные качества.

Но, как показывает жизнь, сегодня, как никогда, духовность требует постоянной тренировки.

Именно сейчас, в век повсеместной технологии и практически мгновенного доступа в интернет, в условиях широких информационных возможностей, молодому человеку порой становится трудно сделать верный выбор необходимой идеи, религиозной или какой-либо иной.

Поэтому не на абстрактных теоретических построениях, скучных философских или религиозных нотациях, а на живом примере неординарных личностей, молодежь должна учиться понимать и знать подлинный смысл духовности.

Также необходимо прививать молодежи понимание, что высоко духовными людьми могут быть не только религиозные деятели. У нас в стране много замечательных и уважаемых ученых, врачей, педагогов, деятелей искусства, военных, политиков, почтение и подражание которым может помочь молодому человеку определиться в поиске ответов на любые вопросы бытия.

Подражая таким выдающимся личностям, они должны формировать и углублять свои мировоззренческие ориентиры, духовные идеалы, оттачивать ум и проницательность.

Имеющие яркую, но обманчивую внешность воина, спасителя веры и сверхчеловека террористы и диктаторы на самом деле являются антигероями. За маской и имиджем «муджахидов» скрывается озабоченный самыми низменными интересами обогащения, жадной власти над людьми, лишенный искорки любви и подлинной духовности человек, а зачастую – психически больной субъект.

Любая религия, в том числе ислам, не ограничивает стремления человека к познанию. В современном мире, знающий человек никогда не останется на обочине дороги. Поэтому молодым людям нужно научиться дорожить бесценным сокровищем, дарованным Всевышним – своей юностью и временем, необходимо приложить максимальные усилия в получении образования и, в целом, знаний по

темнің иінімділікке және өнерге қызығушылығын арттыруға және оларға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыруға. Молодежь должна овладеть всеми современными средствами технической коммуникации.

В системе государственного образования имеет право быть только религиозное образование, обеспеченное специалистами-религиоведами. Это образование должно быть «сориентировано на толерантизацию межконфессиональных отношений, на обеспечение единства страны».

Рысбекова Ш.С.,

Әл - Фараби атындағы ҚазҰУ  
ф.ғ.д., профессоры,

Рысбекова Г.Е.,

п.ғ.к. аға оқытушы

## «БҮГІНГІ ДІНИ БІЛІМ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ»

Бүгінгі күні әрбір адамның дінге, діннің дамуы мен ұстанымы жөніндегі тақырыптарға қай жастағы азамат болмасын қызығушылық танытуда. Бұл бір жағынан қоғамның рухани, иамандылық құндылықтарының жоғалтып алуына жол бермеу болса, екінші жағынан, шектен шыққан деструктивтік діни ағымдық бағыттардың адамдардың санасын улауда. Міне сондықтан қазіргі жастардың өз ұлттық тарихи мәдени, діни негіздерін, құндылықтары мен жетістіктерін білуі қажет. Бүгінгі ел басының жолдауының ерекше құнды арнасы - Мәңгілік Ел идеясы нақты уақыт талабына сай туындаған негізгі мақсат деп түсінеміз. Бұл ретте Елбасы: «Мәңгілік Ел - жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы», - деп түйіндейді. Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың ғасырлардан бергі асыл мұраларын сақтай отырып, болашағымызға айқын бағыт-бағдар беретін де, ұлтымызды әсіресе жастарды ұжымшылдыққа ұйыстыратын да, межелі ұлы мақсаттарға жетелейтін де осы Мәңгілік Ел идеясы екені анық айқындалды деп ойлаймыз.

Мәңгілік Ел идеясына іске асыру барысында жасалатын жұмыстар мен жүргізілетін шаралар мен шешімдер ең алдымен өзіміздің белсенділігіміз бен мақсаттарымызға байланысты. Ол мемлекеттік, қоғамдық деңгейде болсын немесе жан-ұяда болсын бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғам даму бағытындағы туындап жатқан қиындықтар, күрделі проблемалар да баршылық. Оның тек екі түрін алып қарастырайық, олар: а) елдің ішкі өзіндік дамуынан туындатып отырған қиындықтар мен қайшылықтар. Жұмыссыздық, бюрократтық күш көрсету, сыбайластық жемқорлық, т.б. жағдайлар; ә) объективті түрде пайда болған қайшылықтар салдарын бүркемелеу, оған жеткілікті мән бермеуден өмірге келген наразылық, іштен тынған қарсылықты шетел миссионерлердің, экстремистік, террорлық ұйымдардың тиімді пайдаланып, жастарды көптеп тартып, өз қатарларын көбейтулеріне мүмкіндіктер тудырып отыр.

Туындап отырған экстремизм мен террорлық әрекеттердің кең таралуына жол берілмеу бағытында мемлекеттік заң билік тарапынан жасалып жатқан заңдасызтырылған шаралар бар. Дегенімен де, азамат, қоғам болып оның алдын алу үшін, ең алдымен мына мәселелерге көңіл бөлуіміз керек:

— қоғамымыздың ішкі өзіндік дамуынан пайда болған объективті қайшылықтар, қиындықтар табиғатына мән беру, зерттеу. Оларды асқындырмай шешудің жолдарын қарастыру.

— орта мектептерде, жоғарғы оқу орындарында барлық ұлт өкілдері сұраныстарын қамтып, әлемдік діндерді, соның ішінде ислам діні дәріптеліп, жастарды имандылыққа баулитын, тәрбие мәселелерін жандандыратын ұстаным қалыптастыру.

— жастардың өзіне қол жұмсауы жағынан Қазақстан әлемде жоғарғы орындардың бірін алады. Мұндай жағдайларға жол бермейтіндей, олардың өзін қоғамның толық мүшесі ретінде сезінуі жолдарын қарастыратын мемлекеттік қамқорлық шараларын ұйымдастыру;

— әрбір аймақтар мен ықшам ауданда жеткіншектер бара алатын, бос уақытын далада емес спорт кешендерінде өткізе алатындай жағдай жасау, оның санын көбейту;

— дін секталарының сенім негіздерін, миссионер өкілдерінің психологиялық негізде адамға әсер ете білетіндері, өз үстемдіктерін жүргізу, мойындатуды мақсат тұтатындары, коммерциялық мақсаттарды ұстанатыны туралы бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде нақты мысалдар келтірілген салмақты сараптамалық мәліметтер жарияланып тұрғаны абзал [1].

Ислам және христиан діндерінің қоғам өміріне ықпалы өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұларға деген көзқарас түбегейлі өзгеруі, дін мәселесі жөніндегі ұстаным нақты айқындалуы қажет. Өйткені белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылған, іштей дәйекті, үйлесімді қызмет ететін және шет елдер қаржыландыратын ұйымдар, жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланған миссионерлер қарапайым, қатардағы жәй пенде емес. Олар өз мақсаттарын анық білетін, соған қол жеткізудің жолдары, әдістері мен амалдарын терең игерген жандар. Сондықтан дәстүрлі емес діндер, номинациялар, секталар, тоталитарлық секталар ұстанымдарын ажырата білу де маңызды. Діни ұйымдардың оңы мен солын ажыратып, оларға баға беруге қабілетті арттыратын маңызды шаралардың, жалпыға түсінікті діни білім негіздері, ұстанымдарының айқындалғаны абзал болар.

Өз мүддесін көздеп, дамыған елдерден келетін қаржы қолдауына сүйенген, сонымен бірге үлкен техникалық мүмкіндіктерге ие діни ағымдардың ұлттық бірегейлікке нұсқан келтірері сөзсіз. Сондықтан дін жөнінде қабылданған шешімдер, қарастырылған мәселелердің үнемі жетілдіріліп отыруы, әруақытта мемлекет назарынан тыс қалмауы керек.

Қазақстанда бүгінгі күні мемлекет пен діни ұйымдардың өзара қарым-қатынасы дінді ұстанушылардың еркіндігі мен құқығын құрметтеу қағидаларына, қоғамдық және діни ынтаға, серіктес болу мен өзара түсінушілікке деген ұмытылысқа негізделген бағытты қолдайды. Бұл дегеніміз, адамның ерік бостандығы мен жауапкершілік өзара тығыз байланысты болатын заңдар жүйесі, адамға белгілі бір нормаларды жүктейді. Рухани ерік бостандығы мен мүмкіндіктер берілген адам, өз ісі мен әрекетіне жауапты, оның құмырының бір жағында рухани ерік бостандығы тұрса, екінші жағында жауапкершілігі тұрады. Жауапкершілік дәстүрлік дінінде әрбір адамның әлсуметтік дәрежесіне сай болады, демек рухани бостандық мәселесінде жауапкершіліктің алатын орны үлкен. Адам мүмкіндігі өскен сайын жауапкершілік те арта түседі. Дегенімен де, адамдардың өз діни нанымындағы еркіндік дүниесін мойындаймыз деп айтқанымызбен осы бағыттын осал жақтарын дұрыс өз бағытында пайдаланып отырған деструктивті діни бағыттар барын ұмытпауымыз тиіс. Яғни,

адамдардың дінге деген сенімі болсын немесе тіптен атеист болсын қоғамда болып жатқан дінге байланысты мәселелерді ашық, бұрмалаусыз ненің дұрыс немесе бұрыс екендіктерін нақты ақпарат құралдары арқылы дінтанушылар мен теолг мамандары сарапта салып талқылап отыруы тиіс. Себебі, Қазақстанның «ислам ренессансы» мен жаһандану үдерістері да айналып өтпеді. Қазақстанның исламдану айғағын бүгін ешкім де теріске шығара алмайды. Алайда бүгінгі күні республикада діндарлардың саны халықтың ең кедей бөлігінде көп болуына байланысты діни-идеологиялық шекараның әлеуметтік шекарамен сай келу қауіпі, қазақстандық сарапшы Тимур Козыревтің пікірінше, мұсылман қауымының толық әлеуметтік құрылымына қоғамның қалған бөлігін қарсы қою қиынға соғады. Оның үстіне «конфессияаралық қатынастарға қарағанда, зайырлылық-ислами қатынастар анағұрлым манызды» және дінге қатысты ішкіқазақ бірлігінің мәселесі дәл осы тұғырда тұр [2]. Сондықтан Қазақстанға «өз» исламына бағдар ұстануға тура келеді және ол «қазакы» болғанымен, дәстүрлі исламнан алшақтай қоймайды әрі өзін бүкіл мұсылман әлеміне қарсы қоймайды. Онсыз елдің қоғамдық өміріне мұсылмандық құндылықтардың ену сценарийін біз үшін басқа күштер мен басқа идеологтар жазып беретін болады.

Әрине, Қазақстанда қызмет етіп отырған заңнаманың шеңберінде елдің саясатына исламның араласуы мүмкін емес және қажет те емес. Алайда қоғамның бір бөлігі діннің мемлекет істеріне тікелей араласуын толық қалыптты нәрсе деп ойлайды. Саясатқа қатысудың мұндай формаларын, ұсталған исламистердің санына қарағанда, әлі жеткіліксіз (маргиналды) деп есептеуге болады. Заңды ислам ұйымдарының өздерінің де ел басқаруға жанама болса да қатысуға үлкен бейілдігі жоқ. «Болмайды, бірақ қатты қаласаң, болады» деген ұстынды, практика көрсетіп отырғандай, билік пен азаматтар арасындағы қатынасқа қолдануға әбден болады. Қалауы болса діни көшбасшылар мен ұйымдар елдің саяси өміріне мейлінше белсенді қатыса алады. Ислам құндылықтарын саясатқа енгізуден қорықпау керек деген Қазақстан мұсылмандары одағының төрағасы Мұрат Телібековтің сөзі «Ислам нормаларының елдің өміріне ену үдерісі ұлттық мүдделерден немесе мемлекеттің зайырлы негізінен бас тартуды блдірмейді. Шынайы мұсылман үшін жетекші болатын нәрсе ислам қағидаларын өз қалауынша түсіндіретін көбейе түскен беделді діни көшбасшылардың пікірі ғана емес, оның өзінің ар-ұяты мен парызы, оның ішінде туған елге деген де парызы» [3].

Діни сауаттылықты арттыру мақсатында жүргізілген сауалнамалардың сараптау нәтижелеріне көңіл аударсақ дінге, намаз оқуға қызығушылық танытқан ізденімпаз жастардың көп екендігі анықталды. Мысалы: орталық мекешітке келушілердің 36 пайызы 20 жасқа дейінгілер, 14 пайызы 21 – 35 жас арасындағылар, 10 пайызы 35 – 55 жастағылар, қалғаны алпыстан асқандар екен. Шынайы діни көзқарас, мұсылмандық жол, имандылық қасиет - ежелгі тарихымыздан ел бірлігі мен халық тыныштығын, салт-дәстүрін сақтай отырып, әділдікті жақтайды. Адамгершілік асыл қасиеттерді бойға дарытып, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейді, ата-ананы құрметтеуге, үлкенді сыйлауға, қайырымдылық пен адал еңбекке шақырады. [4].

Қоғамда зайырлы дінтанушы мамандар мен теолгтардың қажеттілігі туындап, олардың зайырлы бағытта алынған жоғарғы сапалы білімінің арқасында болашақта діни және қоғамдық ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында тәуелсіз сарапшы ретінде және сарапшылар комиссиясы құрамында, мемлекеттік басқару, сыртқы және ішкі саясат бөлімінің, дін істері агенттігінің қызметкерлері, мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарының оқытушылары ретінде сұраныс жоғары екендігіне көзіміз жетіп отыр. Оған дәлел болатын бүгінгі

күні Қазақстанда дін мамандары екі бағытта - дінтанушылар мен теологтарды даярлайды. Дінтанушылар дінді ғылыми тұрғыдан зерттеп, жалпы әлемде бар барлық діндердің тарихы мен теориясын қарастыра; теологтар құдайды, дінді іш жағынан, діни тұрғыдан зерттеп, құдай идеясын мойындайтын және негіздейтін діндерді, ең алдымен, әлемдік діндерді зерттейді. Бүгінгі таңда дінтанушылар мен теолог мамандары жоғары кәсіби шеберлікпен діни келісімдегі конфессияаралық мәселелерге сараптама жасауда, оның ішінде:

дін және дінтанудың өзекті мәселелерін талдау және ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу (діннің тарихы мен теориясы, заманауи адам болмысының діни-философиялық мәселелері), конфессионалдық ортада социологиялық сауалнамалар жүргізу, сараптамалық шолу, Мемлекеттік органдарға, діни бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдарға дін мәселесі жөнінде туындаған сұрақтарға байланысты кеңес беру, Мемлекеттік-құқықтық және мемлекеттік-шіркеулік мәселелерде дінаралық және конфессияаралық қатынастар бойынша сараптамашы ретінде қызмет көрсетуде.

Қорыта келе, қазіргі таңда елімізде халықтың әсіресе, жастардың рухани-танымдық тәрбиесін, діни сауаттылығын арттыру маңыздылығы көпшіліктің аузында жүр. Қоғамның діни өмірінің тенденцияларын, діни ахуалды ескере отырып, оны жастарға жеткізіп отыру қажет. Кез-келген мемлекеттің жарқын болашағы мен кемелденуі осы жастардың болмысы мен санасына, мәдени дамуына, білім мен тәжірибе деңгейіне байланысты болады. Сондықтан жастардың заманға сай діни білім деңгейлерін арттырып, дәстүрлі құндылықтарды сақтау бүгінгі күннің басты мәселесі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Экстремизм мен терроризмге қарсы әрект студия дәстүрлі діндердің ролі. А.2011ж.
2. Қараңыз: <http://www.islamonline.net29>
3. Қараңыз: <http://www.ipr.kz/projects/2/2/30>
4. <http://abai.kz/content/zhalgas-askhatyly-din-zhene-zhastar>

**Борбасова Қ.М.,**

филос.ғ. д., әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ

дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры

### ДІНИ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚАРАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ӘРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дін туралы қазір өте көп жазылады. Журналистердің айтуынша дін мәселесі күрделілігіне қарамай діндарлар мен дінтанушыларды қойып, жалпы жұртты «қызықтыратын» тақырыпқа айналған. Себебі дін қоғам деп аталатын алып организмнің жанын рухандыратын, мінез-құлқын түзеп, адами жауапкершілігін арттыратын рухани азықтардың бірі ретінде қызмет көрсетеді. Қазіргі қоғамдық қатынастардағы түрлі идеялар мен дүниетанымдық бағыттар ұсынылып жатқан кезеңде әр адамның алдында өзінің бағытын анықтау міндеті тұр. Жалпы қоғамдағы діннің орнына (әсіресе исламның рөліне) байланысты келіспеушіліктер, дәстүрден тыс діни ағымдардың қызметіне байланысты халық пен мемлекеттің ортақ позициясының болмауы әлі де шешілмеген мәселелердің көп екендігін дәлелдейді.

«Ақиқатты іздеумен, оны пайымдаумен философия да, әртүрлі ғылымдар да, әр қилы діндер де айналысады. Әрине, дәйектемесіз және практикадағы дәлелдерсіз дүниеде шындықты табу мүмкін емес және гуманитарлық тұрғыдағы зерделеулерсіз ғылыми процесс те жанданбайды. Сондықтан негізгі мәселе, осы зерделеудің сынаржақты емес, барынша шынайы, объективті сипатта өрнектелуінде. Сондықтан қоғамымыздағы дін мәселесіне, оның тарихына, қазіргі кезеңдегі жағдайына және болашағына ғылыми талдаулар жасаудың зәрулігі өзінің өзектілігін таныта бастады»

[1].

Қазақстанда «Дінтану» ғылым ретінде қалаптасу кезеңінде деп айтуға болады. Себебі отандық ғалымдар алдында шешілмеген, тіпті әлі қолға алынбаған мәселелер өте көп. Солардың ішіндегі ең күрделілерінің бірі оқулық жазу мәселесі. 1994 жылдан бастан отандық авторлар осы сала бойынша 27 оқулық жазыпты. Алғашқы оқулықтардың бірі Мұханов С. Діндер тарихы мен теориясы. - А., 1994 шықты, содан кейін Үсенова М. Дінтану негіздері. - А., 1995, Әмірғазин С. Дінтану. - Астана, 2002., Ғ. Есім. Дінтану негіздері. - А., 2003, Айтбаев О. Дінтану негізі: оқулық. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. - 200 б., Дінтану негіздері: Оқулық/ Құраст. Н.Ж.Бәйтенова.- Алматы. Қазақ университеті, 2006. - 356 б., Ғ. Есім. Дінтану. Астана, 2008., Артемьев А.И. Дінтану: жалпы дінтану негіздері, діндер тарихы, Қазақстандағы діндер. Оқулық. - Алматы: «Бастау», 2008. - 569 б., Артемьев А.И. Дінтану: жалпы дінтану негіздері, діндер тарихы, Қазақстандағы діндер. Оқулық. - Алматы: «Бастау», 2008. - 569 б., Дінтану негіздері: жалпы білім беретін мектептердің Дінтану негіздері: жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған оқулық/ Ғ. Есім, А.П. Әбуев. - Алматы: Білім, 2010. - 312 б., Дінтану негіздері: жалпы білім беретін мектептердің 10-сыныбына арналған оқулық/ Ғ. Есім, А.П. Әбуев. - Алматы: Білім, 2010. - 156 б. Осылардың ішінде Ғ. Есім мен А.П. Әбуевтың оқулығы ғана кең қолданыс тауып, мектептерде оқытылуда. Н.Ж.Бәйтенова, Артемьев А.И., О Айтбаевтың оқулықтары жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Бірақ «Дінтануды» оқыту жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына міндетті пән ретінде кірмегендіктен бұл пәнді оқыту ЖОО-ның басшыларының шешімдеріне байланысты болып отыр. Кейбір ЖОО-да «Дінтану» тандау бойынша курс ретінде беріледі де, «пәнді тандаған студенттің» азығы сылтау болып, оқытылмай қала береді. Бұл шешімі табылмай жатқан бір мәселелердің бірі.

Дінтануды оқытуды мектеп қабырғасынан басталу керектігін көтерген мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуы республика көлемінде өте баяу жүріп жатқан сияқты. Бұны біздің университетке хабарласып, кеңес, көмек сұраған мектептердегі әріптестеріміздің сөздері мен ақпарат құралдарының беттеріне шыққан мақалалар дәлелдейді. 2013 жылдың 31 мамырында Алматы қаласының мектептеріндегі «Дінтану» пәнінің мұғалімдерімен әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ-нің дінтану және мәдениеттану кафедрасының ұжымы бірігіп «Жалпы білім беретін мектептерде «Дінтану» пәнін оқытудың мәселелері» атты дөңгелек стол ұйымдастырылған болатын. Сонда қарастырылған үш мәселенің екіншісі «Дінтану оқулығының жүйесі, мазмұны және сапасына» арналған болатын. Әр ұстаз өздерінің тәжірибесінен түйген ойларымен бөлісті. Солардың ортақ ұсынысын берсек: - «Дінтану» курсының атын «Діндер тарихы» деп өзгерту; - «Дінтану» оқулығын оқушылардың жас ерекшеліктеріне орай жазу;